

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 469 бұйрығына 40-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 480-қосымша

Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білімалушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін «Қалдық көру қабілетін сақтау және дамыту» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білімалушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін «Қалдық көру қабілетін сақтау және дамыту» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты - көзбен қабылданатын түсініктер қорын әрі қарай қалыптастыру және байыту, таным процестерін дамыта отырып, сенсорлы және көру арқылы қабылдау бұзылыстарының орнын толықтыру, түзету амалдарын қолдану арқылы қалыпты сақталған талдағыштардың көмегімен көру арқылы зерттеу дағдыларын жетілдіру.

3. Бағдарлама келесі түзету міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған:

1) заманауи технологияларды қолдана отырып көру қабілеті зақымдалған білім алушылардың көру біліктілігі мен дағдысын дамытуға ынтасын қалыптастыру;

2) көру қабілетін дамыту және сақтау мүмкіндігі туралы білімдерін кеңейту;

3) жалпы оқыту құзыреттілігін дамыту және әлеуметтік бейімделуіне ат салыстыру.

4) көру қабілеті мен көрнекі-бейнелі ойлауды дамыту;

5) көру, есту, тактильді және басқа функцияларға сүйеніп қозғалыстарды қабылдаудың әдістрі мен тәсілдерін қалыптастыру;

б) көру талдағышты дамытудың және сақтаудың гигиеналық дағдаларын меңгерту;

7) өз деңсаулығын сақтау дағдыларын дамыту, кеңістік бағдарлауды жетілдіру;

8) өз білімін жетілдіруге мотивациясын қалыптастыру, кемістігін компенсациялау жолдарын табу;

9) көру түсініктер қорын қалыптастыру мен кеңейту және оларды айқындау.

4. Бағдарлама концентрлік тәсілмен құрылған, яғни бір оқу материалы келесі сыныптарда қайталанады, онда білім беру мазмұны кеңейтіліп, күрделеніп, оның жеке элементтері тереңдетіледі және нақтыландырылады.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Көру қабілеті бұзылған тұлғаларды оқыту құндылықты-бағдарлы, тұлғалық-бағдарлы, әрекеттік, дифференциалды және коммуникативтік ықпал негізінде жүзеге асырылады.

6. Оқытудың құндылықты-бағдарлы тәсілі - нақты құндылықтар негізінде оқу қызметтерін ұйымдастыру және орындау, алған білімдерінің нәтижесін қолдану: өзінің өмір қауіпсіздігіне жауаптылығын, денсаулығына, отбасына, өміріне, табиғатқа, жалпы адаммен қарым-қатынас құндылығын, мейірімділік және шынайылықты түсіну. Бұл құндылықтар жеке тұлға мотивациясының негізгі факторы ретінде мінез-құлық пен іс-әрекетін жетілдіреді. Орта білім берудегі құндылықтардың идеялық негізі – «Мәңгілік ел» ұлттық идея болып табылады. Орта білім беру құндылықтары: «қазақстандық патриотизм» мен «азаматтық жауапкершілік», «құрметтеу», «ынтымақтастық», «еңбек және шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» болып айқындалған.

7. Тұлғалық-бағдарлы тәсіл. Тұлғалық-бағдарлаудың мақсаты оқыту процесінің дараландыру, тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен жан-жақты дамуы, «Қалдық көру мүшесі мен көзбен қабылдауды қорғау және дамыту» сабақтарында психикалық және денедамуының, жеке ерекшеліктерін, мінез-құлық қажеттіліктері мен қызығушылықтарын есепке ала отырып, тұлғаның шығармашылық қабілетінің толықтай ашылуы және әлеуметтік-маңызды тұлғалық сапасын тәрбиелеу (белсенділік, мақсатқа жетудегі табандылық, ұқыптылық, батылдық, мәмлегершілдік, сыпайылық), эмоциялық-ерік аясын түзеу болып табылады.

8. Әрекеттік тәсіл келесі біліктіліктерді қамтиды:

1) өз оқуының мақсаттарының өз-бетінші белгілеу және оларға жету жолдарын жоспарлау;

2) өз алдына жаңа мақсаттарды қою және оларды шешуде тиімді жолдарды табу;

3) мотив пен қызығуларды дамыту;

4) өз әрекеттерін жоспарлаған нәтижелермен сәйкестендіру;

5) нәтижеге қол жеткізу барысында өз іс-әрекетін бақылау, жағдаяттың

бағдарлау мен ұтқырлыққа байланысты өзгеруіне қарай өз әрекеттерін коррекциялау, оқу міндеттерін дұрыс орындалуын бағалау, өз мүмкіндіктерін бағалау.

б) ұғымды анықтауға, жалпылауды және нұсқаулықтарды құруға, топтастыруға, топтастыру үшін өзбетінше критерилер мен негіздемелер таңдау, себеп-салдар байланыстарын құру, логикалық ой-пікір жасап, қортындылау (нұсқаулықтар бойынша индуктивті, дедуктивті), сұрақтар қою және нәтиже шығару; сұрақ қойып, қорытынды жасау; әртүрлі қиын маршрутты құрастыруда және оқу және танымдық міндеттерді шешу үшін, модельдер мен схемаларды түрлендіру, жасап шығару, қолдану.

9. Дифференциалды тәсіл білім алушының жас ерекшелігіне, психикалық, дене дамуына, офтальмологиялық аспектісіне, көру қабілетінің мүмкіндігіне, ауытқушылықтардың сәйкестігіне қарай әртүрлі топ білім алушылары үшін мамандандырылған оқу процесі болып табылады. Көру қабілетін есепке ала отырып және қосымша дефектілеріне қарай мынандай топтарға бөлінеді:

1) мүлдем көрмейтін және жақсы көретін көзінде көзілдірік түзеуімен көру өткірлігі 0-ден 0,04 дейін жартылай көретін білім алушылар, бұл білім алушылар болар-болмас қалдық көру қабілеті бар немесе мүлдем еш нәрсе көре алмайды

2) жақсы көретін көзінде көзілдірік түзеуімен көру өткірлігі 0,05-ден 0,09 дейін жартылай көретін білім алушылар. Әдетте, бұл білім алушыларда көру функцияларының күрделі бұзылыстар байқалады: көру өткірлігінің төмендеуімен қатар кейбіреулерінде көру аймағының тарылуы, стереоскоптік көруінің бұзылуы жиі кездеседі.

10. Дифференциалды тәсіл қоршаған ортада көру мүмкіндігіне және бағдарлану деңгейіне қарай білім алушылармен жұмыс жасаудың арнайы формалары мен жұмыс әдістерін, түпнұсқа оқулығын, көрнекі оқу құралдарын, тифлотехниканы қолдануды талап етеді, сонымен қатар, сыныптық білім алушылармен толымдылығын азайтуды және жеке-топтық оқыту әдістемелерін қамтиды.

11. Дифференциалды оқыту жұмысын ұйымдастыруда қойылатын талап бұл- мұғалімнің көмегімен, танымдық қызықушылық пен күрделілігіне қарай деңгейленіп берілген тапсырмалар қолдану болып табылады.

12. Оқытудың коммуникативтік тәсілі - бұл екі немесе бірнеше адамның тілдік қарым-қатынас процесінде білім, білік, дағдыларымен алмасу, ақпарат беру және хабарлау. Мұғалім мен білім алушы арасында оқу іскерлік пен бірлескен әрекетті ұйымдастыру біліктілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін тапсырмалар оқу процесіне енгізіледі: топта және жеке жұмыс жасау: позициялардың келісуімен және өзара қызығушылықтарын есепке ала отырып ортақ бір шешім табуға және шиленіскен жағдайда жеткізбеу; тұжырымдап, дәлелдеп және өз пікірін айту; өз қажеттіліктері мен ой-пікірлерін, сезімдерін білдіру үшін саналы түрде ауызекі сөйлеу тәсілдерін пайдалану; өз әрекеттерін жоспарлау және басшылық жасау.

13. Ақпараттық –коммуникациялық технологияларды пайдалану:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі базалық ақпараттық-коммуникациялық дағдыларда құрылады және білім алушылардың жұмыс барысында, бос уақыттарында және қарым-қатынаста технологияларды сенімді және шығармашылықпен қолдануды қамтиды;

2) ақпаратты-коммуникациялық технологияларды және GPS навигациясын, мультимедиялық ресурстарды, бұқаралық ақпарат құралдарын, интерактивті тақтаны, тифлокешенді қолдану оқу процесін, жаңғыртуға және жандандыруға, сонымен бірге білім алушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа және ынтымақтастыққа ықпал етеді;

3) мұғалім және басқа білім алушылармен қарым-қатынас жасауға, ақпаратпен бөлісуге, өңдеуге, ізденіске және міндетті түрде Интернет-ресурстарды, ұялы байланысты, онлайн форумды пайдаланады.

14. Қалдық көруін сақтау және көру арқылы қабылдауын дамыту кабинетінде келесі құрал-жабдықтар:

1) бір топшаға кіретін білім алушылардың санына сәйкес үстелдер;

2) көрнекі құралдар, оқу материалдар және әдістемелік әдебиеттерге арналған шкафтар;

3) машықтандыруға арналған аппарат;

4) офтальмологиялық вакуумды массаж аппарат (бұдан әрі - ОВМА);

5) макулостимулятор КЭМ-ЦТ (түрлі-түсті үстемелер);

6) көру қабілетін ынталандыру арналған бағдарламалар енгізілген дербес компьютер;

7) түзету жұмыстары үшін медициналық жабдықтар;

8) жарық беретін приборлар, люксметр;

9) синоптофор;

10) иллюстрациялық және үлестірмелі (шынайы заттардың мүсіндері, мозайка, ойындар, тақырыптық иллюстрациялық материалдар, мультимедия курсы, құрастырғыштар, түсті фломастерлер, қарындаштар, маркерлер, перфокарталар, танграмы) бөлшектелген суреттербар.

15. Білім алушылардың жетістігін бағалау дамудың табысты мониторингі негізінде, сапалы-сипатты, эмоционалды тұрғыда жүргізіледі.

16. Бағдарламаны оқытудың нәтижесі үш деңгейде қадағаланады және сипаттау тәсіліне ие:

1) меңгеруге ұмтылу;

2) көмекпен меңгереді (ересектің, құрдасының);

3) жетекші құзіреттіліктер бойынша өз бетінше меңгереді.

17. «Қалдық көру қабілетін сақтау және дамыту» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты құрайды.

18. «Қалдық көру қабілетін сақтау және дамыту» пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім «Диагностика»;
- 2) 2-бөлім «Көру қабілетін сақтау»;
- 3) 3-бөлім «Сенсорлық эталондарды қалыптастыру»;
- 4) 4-бөлім «Көру арқылы кеңістікті қабылдау мен есте сақтауын дамыту»;
- 5) 5-бөлім «Көру мен моториканың үйлесімділігін дамыту»;
- 6) 6-бөлім «Қабылдаудың толық және тұтастығын дамыту»;
- 7) 7-бөлім «Сюжеттік бейнені қабылдау»;
- 8) 8-бөлім «Кең (ауқымды) кеңістікті қабылдау»;
- 9) 9-бөлім «Көркемдік қабылдауын дамыту»;
- 10) 10-бөлім «Салауатты өмірдің негізі мен алғашқы медициналық көмек

көрсету мен медициналық білімнің негізі».

19. «Диагностика» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көру қабілетін сақтау туралы білім алушылардың білімдерін айқындау.

20. «Көру қабілетін сақтау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көру анализаторларының мәні;
- 2) көру қабілетінің төмендеуі мен жоғалту қауіп-қатерінің факторлары;
- 3) түзету оптикалық құралдарды күту (көз әйнек, лупа, линза);
- 4) көру аймағы (шеттен көру, орталық көру, көру аймағының тарылуы);
- 5) көру қабілетін сақтау үшін күш түсіру тәртібін сақтау.

21. «Сенсорлық эталонды қалыптастыру» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) қосымша және негізгі түстерді сараптау және сәйкестендіру;
- 2) түстерді араластыру;
- 3) түсті бояу тақтайшасы (қарама-қарсы түстер. Түстердің сәйкестенуі (ашық түс), ахроматтық кесінге салу кезіндегі негізгі түстердің белгісі;
- 4) көлемді заттар мен негізгі жалпақ фигураларды тану және ата;
- 5) әртүрлі амалдармен көлемі бойынша сәйкестендіру.

22. «Көру арқылы кеңістікті қабылдау мен есте сақтауын дамыту» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) үлкен кеңістіктегі қашықтықты бағалау;
- 2) кеңістікте заттардың өзара орналасуын бағалау;
- 3) кеңістік қатынасты анықтау.

23. «Көру мен моториканың үйлесімділігін дамыту» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көздің бақылау қызметін дамыту;
- 2) қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

24. «Қабылдаудың толық және тұтастығын дамыту» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) бақылау арқылы талдауын дамыту;
- 2) нұсқалы және толтырылған бейне.

25. «Сюжеттік бейнені қабылдау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) заттық картинаны қабылдау.

26. «Кең (ауқымды) кеңістікті қабылдау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) ауқымды кеңістіктің бинокулярды емес белгілері;
- 2) жабық және ашық кеңістіктегі объектілердің өзара орналасуы мен ара қашықтығын анықтау;
- 3) кеңістік жағдайларды құрастыру, жазықтықта бейнесін моделдеу, осы жағдайды бейнелеуші құралдармен күрделендіре отырып салу.

27. «Көркемдік қабылдауын дамыту» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) өнердің негізгі түрлері;
- 2) декоративті қолданбалы өнер.

28. «Салауатты өмірдің негізі. Алғашқы медициналық көмек көрсету мен медициналық білімнің негізі» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) салауатты өмір салты туралы;
- 2) алғашқы медициналық көмек және оны көрсетудің ережесі;
- 3) алғашқы медициналық көмек көрсетудің құралы;
- 4) адам ағзасының жарақат алу түрлеріне сипаттама.

29. 5-сыныпқа арналған «Қалдық көру қабілетін сақтау және дамыту» пәнінің базалық мазмұны:

1) диагностика: көру қабілетін сақтаудың мәні; білім алушылардың көру түйсігінің даму деңгейін бағалау;

2) көру қабілетін сақтау: көру анализаторлары, көру қабілетінің нашарлаудың және жоғалтудың қаупі факторлары; көз гимнастикасы; оптикалық түзеу құралдарын күту (көзілдірік, лупалар, линзалар); көздің шаршағанын басу амалдары; аккомодацияға жаттығулар, әйнектегі белгімен жаттығулар; көру аймағы ұғымы (жанынан көру, орталық көру, көру аймағының тарылуы), көру өрісін анықтайтын құрал – периметр; келбетті пішіннің көруді сақтауға әсері; дене шынықтыру режимі;

3) сенсорлық эталонды қалыптастыру: негізгі түстерді, спектр түстерін ажырату және үйлестіру; жақын түстер қатарынан қажетті түсті айырып алу; түстер реңкілерін қабылдау және ажырату, оларды басқалар қатарынан және күрделі түстер гаммасынан ажыратып алу; түстің қанықтығы бойынша түстер қатарын белгілеу; түсті төмен контраст түстер арасында қабылдау; дистантты қабылдау; түстердің араласып кетуі; түстердің палитрасы (қарама-қарсы түстер, түстердің үйлесуі, суық және жылы реңдер) және негізгі түстердің ахроматикалық түріне салудағы белгілері; негізгі жазық фигуралар мен көлемді денелерді тану және атау; геометриялық формаларын полисенсорлық қабылдау;

ұқсас фигуларды ажырату; түрлі конфигурациялық формаларда және кеңістікте әр түрлі орналасқан сенсорных эталондарды қабылдау; геометриялық формалармен праксис (көлемді геометриялық денелерді, үлгі, сызба, сыртқы контуры, қиялбойынша заттардықұрастыру;заттарды шамасына қарай әр түрлі амалдармен салыстыру; шамаларды қашықтан ажырату; шамадағы айырмашылықтардың біртіндеп азаюы бойынша шамаларды реттеу; кеңістікте әр түрлі орналасқан күрделі формаларды шамалары бойынша салыстыру; шамалардың контрастысы; шамалардың үйлесімдігіне жаттығулар;

4) көру арқылы кеңістікті қабылдау мен есте сақтауын дамыту: ауқымды кеңістікте қашықтықты бағалау; кеңістіктегі заттардың өзара орналасуын бағалау; кеңістіктік қатынастарды белгілеу;

5) көру мен моториканың үйлесімділігін дамыту: нақты үйлесімді сыртқы практикалық әрекеттердің дамыту; көздің бақылау қозғалыс функциясын дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту;

6) қабылдаудың толық және тұтастығын дамыту:көлемді моделді қабылдау; ішкі суреті бар объектінің контурын қабылдау; силуэты берілген бейнені қабылдау; толықтай салынбаған бейнені қабылдау; дұрыс салынбаған суретті қабылдау; суретті дұрыс қалыпқа келтіру; бейнені анықсыз перцептивті аясынан ажыратып алу; сызба түрінде берілген суретті қабылдау;

7) сюжеттік бейнені қабылдау: сюжеттік суретті құрастырудың кезеңдері; заттық суретті қабылдау; субъектті суретті қабылдау; сюжетті суреттер сериясын қабылдау;суреттерді қабылдауда айырмашылықтарды іздеу;

8) кең (ауқымды) кеңістікті қабылдау: ауқымды кеңістіктің бинокулярды емес белгілерін талдау: жабық және ашық кеңістіктегі объектілердің өзара орналасуы мен ара қашықтығын анықтау жаттығулары; кеңістік жағдайларды құрастыру; жазықтықта бейнесін моделдеу; бейнелеуші құралдарды біртіндеп күрделендіре отырып кеңістіктік жағдаятты салу; кеңістік ауқымын стереоскоптық қабылдау; ауа және линиялық перспектива түсініктері; қабылдау қашықтықты ұзара отырып, объектілердің өзара орналасу қашықтықты анықтау практикумы;

9) көркемдік қабылдауын дамыту: өнердің негіздерімен танысу;өнердің негізгі түрлері туралы түсінік;көркем шығармаларды талдау; декоративті қолданбалы өнер;

10) салауатты өмірдің негізі. Алғашқы медициналық көмек көрсету мен медициналық білімнің негізі: салауатты өмір салты туралы; зиян келтіретін жағымсыз қылықтарды алдын алу; алғашқы медициналық көмек және оны көрсетудің ережесі жалпы адам денсаулығына ықпалын білу; алғашқы медициналық көмек көрсетудің құралы; адам ағзасының жарақат алу түрлерініңсипаттамасы.

30. 6-сыныпқа арналған «Қалдық көру қабілетін сақтау және дамыту» пәнінің базалық мазмұны:

1) диагностика: көру қабілетін сақтаудың мәні; білім алушылардың көру түйсігінің даму деңгейін бағалау;

2) көру қабілетін сақтау: көру талдағышы; көру талдағыштың бұзылыстарын компенциялаудың жолдары; көру талдағыштың жұмыс төзімділігін сақтауға; көрудің шаршап қалуды алдын алуға бағытталған жаттығулар; көру қабілетінің төмендеуі мен жоғалтудың қауіпті факторлары; өзіне және өз деңсаулығына жауапкершілік деңгейі; түзету оптикалық құралдарды (көз әйнек, лупа, линза) күту ережелері; көру аймағы (шеттен көру, орталық көру, көру аймағының тарылуы) туралы түсініктер; көру қабілетін сақтау үшін күш түсіру тәртібін сақтау; бұлшық етті нығайту үшін сергіту сәттері;

3) сенсорлық эталонды қалыптастыру: негізі түстер және спектр түстері; түстер гаммасы; негізгі үш спектрдің ауданында (қызыл, көк, жасыл) дифференциалдық сезімталдығын дамыту; түстерді араластыру арқылы түстің жаңа реңін алу; оюларды құрастыру және бояу; көру эталондармен еркін операцияларды жасау жаттығулар; «Жануарлар», «Құстар», «Балықтар», «Жәндіктер» тақырыптар бойынша көру түсініктер; жайлы көріністерін нақтылау және қалыптастыру; түстердің үйлесуі; түстердің палитрасы (қарама-қарсы түстер, түстердің үйлесуі, суық және жылы реңдер); түстердің ахроматикалық түріне салудағы белгілері; негізгі жалпақ фигуралар мен көлемді денелер; объектінің жалпақ мен көлемді бейнелерін сәйкестендіру, салыстыру; елістеу арқылы заттарды биіктігі бойынша салыстыру; графикалық диктанттар; көптеген заттардың арасынан берілген мөлшері бойынша қажетті затты ажырату (қабылданатын заттардың санын біртіндеп арттыру; қабылдау заттарға қашықтықты ұзарту арқылы); биіктігі/ауқымы мөлшерлері бойынша заттарды олар жайлы түсініктерімен сәйкестендіру) стереоскоптық көру қабілетін жаттықтыру); қоршаған ортадағы объектілерді олар туралы қалыптасқан түсініктермен сәйкестендіру;

4) көру арқылы кеңістікті қабылдау мен есте сақтауын дамыту: үлкен кеңістіктегі қашықтықты бағалау; кеңістікте заттардың өзара орналасуын бағалау; сызбадан бейнелеу түрлерін құрылымдастыру; жазықтық координаторында бағдарлана алу; берілген координатор нүктесі бойынша бейненің құрылуын тану; әртүрлі позицияда объектіні көру арқылы қабылдау; көзбен шамалауды дамыта білу; кеңістікте бағдарлауды дамыта алу, көру арқылы есте сақтауын жаттықтыру;

5) көру мен моториканың үйлесімділігін дамыту: көру арқылы қозғалып бара жатқан затқа бақылау жасау; заттың жасалған материалдар қасиеттерін анықтау және сипаттау; өз бұйымының көрнекі бейнесін құру (күм, оригами, папье-маше);

б) қабылдаудың толық және тұтастығын дамыту: заттарды маңызды белгілері бойынша топқа біріктіру; объектілерді маңызды тағайындалған бөліктері бойынша тану, ерекшелеу; мозаикамен жұмыс жасау, құрастыру; заттық бейнелерді бейнелеу, талдау, салыстыру; затты; оның бейнесін оны ауызша сипаттау бойынша жаттығулары; үзінділер бойынша суреттеу; «сандырақ» - суреттер; жасырын контурлы бейнелерді табу

жаттығулары; қимылды көзбен бақылау арқылы берілген суретті жазықтықта (қағаз, грифельді тақта) салу;

7) сюжеттік бейнені қабылдау:сюжеті, форманы, мөлшерді, түсті, бейненің ашықтылығын өзгерту негізінде сюжеттік суреттерді қабылдауда компьютерлік техникаларды қолдану: фильмдерді көрсету арқылысюжет желісін талдау және мазмұнын айтып беру негізінде көру арқылы қабылдау сапасы мен жылдамдығын жаттықтыру;

8) кең (ауқымды) кеңістікті қабылдау:ауқымды кеңістіктің бинокулярды емес белгілері; объектінің алшақтығын белгілеу; жабық және ашық кеңістіктегі объектілердің өзара орналасуы мен ара қашықтығын анықтау; кеңістіктің ауқымын стереоскоптық қабылдау; ауажәне линиялық перспектива ұғымдары;кеңістік жағдайларды құрастыру, жазықтықта бейнесін моделдеу, осы жағдайды бейнелеуші құралдармен күрделендіре отырып салу; қабылдау қашықтықты ұзарта отырып, объектілердің ара қашықтығын анықтау жаттығулары;

9) көркемдік қабылдауын дамыту: өнердің негізгі түрлері; өнердің негізгі түрлерін ажырату; көркем шығармаларды талдау; берілген тақырыпты немесе түпкі ойын рельефті суреттер немесе пластилин арқылы ашу; берілген тақырыпта кеңістік немесе жазықтықта қарапайым композициялары; шығармашылық қызметтер түрлері (скульптура, шығармашылық құрастыру, декоративті қолданбалы өнер); негізгі пластикалық өнердің түрлері, олардың ерекшеліктері; табиғатқа, адамға, қоғамға эмоционалды көзқарас; бейнелі өнер;

10) салауатты өмірдің негізі. Алғашқы медициналық көмек көрсету мен медициналық білімнің негізі: өз деңсаулығына жауапкершілік; алғашқы медициналық көмектің маңызы;жалпы адам денсаулығына зиян келтіретін жағымсыз қылықтардың ықпалы; мұрынан қан ағу, құлап қалу калып, жарақат алу, сырып алу кезіндегі алғашқы медициналық көмек көрсету; жараны жуу және жараға таңғыш тарту; алғашқы медициналық көмек көрсетудің құралын пайдалану; адам ағзасының әртүрлі жарақат түрлерін сипаттау; адам ағзасының әртүрлі жарақаттану кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету.

4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

31. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 5.2.1.4 кодында «5» - сыныбы, «2.1» - бөлімшесі, «4» - оқу мақсатының реттік саны.

32. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім «Диагностика»:

1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
1.1 Көру қабілетін сақтаудың маңыздылығы	5.1.1.1 көру қабілетін сақтау маңыздылығы туралы түсініктерінің болуы	6.1.1.1 көру қабілетін сақтау маңыздылығын білу

2) 2-бөлім «Көру қабілетін сақтау»:
2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары	
	5 сынып	6 сынып
2.1 Көру анализаторларының мәні	5.2.1.1 көру анализаторларының мәнін түсіну 5.2.1.2 көзге арналған гимнастика түрлерін өзбетінше орындау	6.2.1.1 көру анализаторларының мәні туралы білімді меңгеру 6.2.1.2 көру анализаторындағы аутқушылықтың орынын торлтыру жолдарын білу 6.2.1.3 көру анализаторларының шаршауын алдын алу және жұмысқа қабілеттілігіне қолдау көрсетуге бағытталған кешенді жаттығулар орындау
2.2 Көру қабілетінің төмендеуі мен жоғалту қауіп-қатерінің факторлары	5.2.2.1 көру қабілетінің төмендеуі мен жоғалту қауіп-қатерінің факторлар туралы түсініктерінің болуы	6.2.2.1 көру қабілетінің төмендеуі мен жоғалту қауіп-қатерінің факторларын саналы түрде түсіну 6.2.2.2. өзіне және өзінің денсаулығына жауапкершілік деңгейін түсіну
2.3 Түзету оптикалық құралдарды күту (көз әйнек, лупа, линза)	5.2.3.1 түзету оптикалық құралдарды күту (көз әйнек, лупа, линза) дағдыларын меңгеру	6.2.3.1 түзету оптикалық құралдарды күтудің (көз әйнек, линза) ережесін қолдану 6.2.3.2 түзету оптикалық құралдарға күтім жасай білу
2.4 Көру аймағы (шеттен көру, орталық көру, көру аймағының тарылуы)	5.2.4.1 көру аймағы (шеттен көру, орталық көру, көру аймағының тарылуы) мәнін түсіну	6.2.4.1 көру аймағы (шеттен көру, орталық көру, көру аймағының тарылуы) түсініктерін меңгеру, пайдалану 6.2.4.2 көру аймағын

		айқындауға арналған приборларды өзбетінше қолдану (периметр)
2.5 Көру қабілетін сақтау үшін күш түсіру тәртібін сақтау	5.2.5.1 күш түсіру тәртібінің маңыздылығын түсіну 5.2.5.2 көру анализаторын, көру қабілетінің шаршауын алдын алуға көру аккомодацияны машықтандыруға арналған жаттығу орындау	6.2.5.1 күш түсіру тәртібі туралы білімдерін қолдану 6.2.5.2 күш түсіру тәртібін қолдану 6.2.5.3 көз шаршауын басуы мен бұлшықетті нығайту үшін физминутка орындау

3) 3-бөлім «Сенсорлық эталонды қалыптастыру»:
3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
3.1 Қосымша және негізгі түстерді сараптау және сәйкестендіру	5.3.1.1 қосымша және негізгі түстерді атау 5.3.1.2 негізгі түстердің бірнеше реңктерін ерекшелеу 5.3.1.3 түстің ашықтығы мен қоюлығын жоғарлату мен төмендету жағдайында түстерді қабылдауға арналған жаттығуларды орындау	6.3.1.1 қосымша және негізгі түстерді сараптау және сәйкестендіру 6.3.1.2 тапсырма бойынша түрлі түсті құру 6.3.1.3 үш негізгі түстерге (қызыл, көк, жасыл) дифференциалды сезімталдығын тану
3.2 Түстерді араластыру	5.3.2.1 түстерді араластыру арқылы жаңа түстер реңктеріне білу 5.3.2.2 әртүрлі түстермен геометриялық фигураларды, өрнектерді жүргізе білу 5.3.2.3 бөліктерден бір бүтін жасап, бояу 5.3.2.4 тақырып бойынша көру	6.3.2.1 жаңа түсті алу үшін түстерді араластыру әдісін жұмыста қолдану 6.3.2.2 оюды құру және бояу 6.3.2.3 қызметте көру эталондарын еркін қолдануға жаттығулар орындау 6.3.2.4 «Жануарлар», «Құстар», «Балықтар», «Жәндіктер» тақырыбы бойынша көру түсініктерін

	түсінктерін меңгеру: «Ағаштар», «Тал-шілік, бұта», «Шөпті өсімдіктер», «Гүлдер»	меңгеру
3.3 Түсті бояу тақтайшасы (қарама-қарсы түстер. Түстердің сәйкестенуі «суық», «жылы» түстер), ахроматтық кесінге салу кезіндегі негізгі түстердің белгісі	5.3.3.1 түстердің үйлесуі туралы толық мағлұмат меңгеру 5.3.3.2 түстер палитрасын білу (қарама-қарсы түстер, ашық түстер) 5.3.3.3 ахроматтық кесінге салу кезіндегі негізгі түстердің белгілерін білу	6.3.3.1 жаттығу орындау барысында үйлесімді түстерді қолдану 6.3.3.2 қарама-қарсы түстер, ашық түстерді ажырату 6.3.3.3 ахроматтық кесінге салу кезіндегі негізгі түстердің белгілерін ажырату
3.4 Көлемді заттар мен негізгі жалпақ фигураларды тану және атау	5.3.4.1 көлемді заттар мен негізгі жалпақ фигураларды тану және атау 5.3.4.2 көз тоқтатуын алмастыру кезінде (оңға- солға, жоғары-төмен, алыс-жақын) бейнлереді тану 5.3.4.3 көлемді және салынған заттық бейнелерді салыстыру	6.3.4.1 көру әдісі арқылы негізгі тегіс фигураларды және көлемді заттарды ерекшелеу 6.3.4.2 объектілер бейнелерін тегіс және көлеміне қарай сәйкестендіру, салыстыру 6.3.4.3 түсініктері бойынша биіктіктеріне қарай заттарды салыстыру 6.3.4.4 графикалық диктант жазу
3.5 Өртүрлі амалдармен көлемі бойынша сәйкестендіру	5.3.5.1 көп объектілер ішінен берілген өлшемдегі объектіні ерекшелеу 5.3.5.2 көрнекіліктің көмегімен немесе сүйемелденіп көлем бойынша объектілерді салыстыру 5.3.5.3 көру арқылы көшірмелеуін дамытуға жаттығулар орындау (көлемнің үш параметрі бойынша көлемді заттарды бағалау) 5.3.5.4 көру бұрышын	6.3.5.1 көп объектілер ішінен берілген өлшемдегі объектіні (қабылданатын объектілердің ара қашықтығын, санын ұлғайту) ерекшелеу 6.3.5.2 заттар туралы мәліметтерін биіктігі/тереңдігі бойынша сәйкестендіру (көру арқылы көшірмелеуін машықтандыру) 6.3.5.3 қалыптасқан түсінктерімен қоршаған объектілерді өзбетінше салыстыру

	өзгерту барысында объектілер көлемін анықтауын қабылдауға арналған жаттығулар орындау 5.3.5.5 көлем ұғымын бекітуге жаттығулар орындау	
--	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--

4) 4-бөлім «Көру арқылы кеңістікті қабылдау мен есте сақтауын дамыту»:
4-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
4.1 Үлкен кеңістіктегі қашықтықты бағалау	5.4.1.1 макро кеңістікте арақашықтықты бағалау	6.4.1.1 макро кеңістікте арақашықтықты анықтау
4.2 Кеңістікте заттардың өзара орналасуын бағалау	5.4.2.1 кеңістікте заттардың өзара орналасуын білу	6.4.2.1 кеңістікте заттардың өзара орналасуын көру арқылы зерттеу
4.3 Кеңістік қатынасты анықтау	5.4.3.1 көру арқылы топтағы заттардың кеңістіктегі орналасуын ерекшелену	6.4.3.1 сызбадан бейнелеу түрлерін құрылымдастыру 6.4.3.2 жазықтық координаторында бағдарлана алу 6.4.3.3 берілген координатор нүктесі бойынша бейненің құрылуын тану 6.4.3.4 әртүрлі позицияда объектіні көру арқылы қабылдау 6.4.3.5 көзбен шамалауды дамыта білу 6.4.3.6 кеңістікте бағдарлауды дамыта алу, көру арқылы есте сақтауын жаттықтыру

5) 5-бөлім «Көру мен моториканың үйлесімділігін дамыту»:
5-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары	
	5- сынып	6- сынып

